

**Бесқарағай жалпы орта білім беру мектебі**  
**жаратылыстану-математика пәндер әдістемелік бірлестігінің**  
**LessonStudy зерттеуі бойынша қорытынды анықтамасы.**

2023-2024 оқу жылында менің жетекшілігіммен бір топ мұғалімдер 6 сыныпта LessonStudy зерттеуі өткізді. Бастапқы кезеңде LessonStudy өткізуге қатысатын мұғалімдер анықталды. Бұл математика пәнінің мұғалімі Берден Шаймұрат. Бірінші отырыста мұғалім "жұптық жұмыстың оқуға танымдық қызығушылығын дамытуға әсері" тақырыбын таңдады, өйткені білім берудің жаңартылған мазмұнының бір бағыты білім алушылардың командада жұмыс істеу қабілетін қалыптастыру болып табылады. Бақыланатын оқушылар, зерттеуші мұғалімдер мен сабақтардың тақырыптары анықталады.

Бірінші сабақтың тақырыбы: " Бір айнымалысы бар сызықтық теңдеулер", күні 12.01.2024 ж. Сабақты өткізу кезінде мұғалім ЗУННЫҢ қалыптасуының жүйелілігі мен дәйектілігі принципін сақтады. Білім алушылардың сабақтағы ғылыми білімін, сана-сезімі мен белсенділігін, олардың танымдық қызметін дамытуға, теорияның практикамен байланысын ашуға, олардың тәуелсіздігін дамыту мақсатында өмірлік тәжірибені пайдалануға ықпал етті. Сабақта әртүрлі педагогикалық технологиялар қолданылды: ақпараттық-коммуникациялық (тесттерді қолдану, презентациялар.); проблемалық оқыту ( проблемалық жағдай жасау); ұжымдық өзара оқыту технологиясы (жұпта жұмыс істеу ).

Екінші сабақтың тақырыбы: "Айнымалысы модуль таңбасының ішінде берілген бір айнымалысы бар сызықтық теңдеу", күні 18.01. 2024 ж. Сыни ойлау сабағының құрылымына сәйкес Сабақтың кезеңдері: "Сабақтың мақсаты мен міндеттерін қою. Оқушылардың оқу іс-әрекетін ынталандыру. Білімді өзектендіру " шақыру кезеңін құрайды. "Жаңа білімді бастапқы игеру және түсінуді бастапқы тексеру" - бұл түсіну кезеңі. "Бастапқы бекіту" - рефлексия кезеңі. Бұл сабақ сабаққа, бағдарламалық материалға қойылған міндеттерге сәйкес келеді. Сабақ қарапайым теңдеу туралы білімді қалыптастыруға ықпал етті.

Шақыру кезеңінде ребустың көмегімен сабақтың тақырыбы тұжырымдалды, жетекші сұрақтар арқылы сабақтың мақсаты анықталды және білімді өзектендіру жүргізілді. Түсіну кезеңінде олар кластер құрып, интернеттегі электронды сабақпен жұмыс жасады. Рефлексия кезеңінде "жұқа және қалың сұрақтар"әдістемелік әдісі қолданылды. Нәзік сұрақтарға оқу ақпаратын біле отырып жауап беруге болады, қалың сұрақтар шығармашылықты қажет етеді.

Үшінші сабақтың тақырыбы: "Теңдеулер көмегімен мәтінді есептерді шығару", күні 24.01.2024 ж. Оқушылар қарапайым теңдеу құру арқылы мәтінді есептерді шығарумен танысады. Оқушылардың теңдеу құруға деген танымдық қызығушылығы қалыптасады, теңдеу құру шарттары анықталады. Оқушылар тәртіп пен байқауды, қарапайым тапсырмаларды орындай білуді үйренеді. Оқушылардың әдебиетпен (оқулықпен) және интернет ресурстарымен өз бетінше жұмыс істеу қабілеті қалыптасады.

Сабақ түрі: жаңа білімді ашу сабағы

Сабақ түрі: сабақ-зерттеу

Қолданылатын технологиялар:

- ДЖИГСО,
- Денсаулық сақтау технологиясы,
- Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар.



А В С деңгейі бойынша зерттеуге алған 3 оқушының ішіндегі Нұрсұлтан сынып көшбасшыларының қатарында, екпінді, қоғамдық өмірде өзінің белсендігін білдірді. Елнұр сабақта бір көзбен қарағанда жауапкершілігі мол оқушы болып көрінді, сабақта үнемі қол көтеріп жауап береді, бірақ сыныптастар арасында қарым - қатынаста кішкене алшақтаған болып көрінді, сондықтан осы оқушыны байқап көрейін дедік. Даниил үлгерімі төмен оқушы, сабаққа ынтасы төмен, сабақ үстінде жан - жағына жалтақтап, өз орнын таппағандай болып отырады. Бұл сыныпты бақылаған кездегі бір байқағанымыз жұптық жұмыс сыныптағы ынтымақтастықты арттыруға септігін тигізді. Өйткені жұптық жұмыс арқылы топпен жұмыс істегенде әрқайсысының мойнында тек өзі ғана үшін емес, топ үшін жауапкершілік міндеті тұрды. Бұл қасиет тек зерттеу сабақтың 3 - ші сабағында ғана байқалды.

Бақылауға 3 оқушыны тандап алдық. Олар:

1. А оқушы Нұрсұлтан – үлгерімі жақсы оқушы.
2. В оқушы Елнұр – үлгерімі екпінді оқушы.
3. С оқушы Даниил – үлгерімі төмен оқушы.

Түрліше жаңа әдіс - тәсілдерін қолдану оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын арттырып қана қоймай, олардың оқуға деген ынталарын арттыратынын байқадық. Бұл жайында зерттеуге алынған 3 оқушы тұрғысынан алып қарасақ, А мен В оқушысы сабақта белсенділік танытып, өз ойларын еркін айтып, қасындағы көршісімен ой бөлісе отырып, мұғалімнің әр сұрағын мұқият тыңдап, тапсырмаларды орындап отырды. Ал С оқушысы болса басында жан – жағына жалтақтап, өз орнын таппағандай болып отыр еді, кейіннен А В деңгейіндегі оқушылардың көрсеткен көмектері арқылы ол да сыныпқа ілесіп, белсенділік таныта бастады. Ең алғашқыда Соқушы жауабым дұрыс болмайды – ау деген қорқыныш сезімі болғанды. Бірақ топта оқушылар тарапынан қолдау көріп «сенікі дұрыс емес» дегенді естімегеннен кейін, ойын еркін айтуға, ізденуге қызығушылығы арта бастады.

Зерттеу барысында әртүрлі әдіс - тәсілдерді қолданып, оқушылардың топпен жұмыс, жұппен жұмыс әрекеттерін сырттай бақылап көрдік. Зерттеу барысында алынған «Қарлы допты» лақтыра отырып, теңделуредің оның түріне қарайт алдап, бір - біріне лақтырып, қатты қуанды. Сонымен қатар «Ассосация», «Ыстықорындық», «Кімжылдам?», «Қоржыннан сұрақ, бізден жауап», ойын түріндегі тапсырмалар арқылы оқушылардың қаншалықты өзгергенін тізбектелген сабақтар барысынан байқау қиынға түспеді.

6 сыныбындағы іс - әрекетті зерттеу мақсатында оқушылармен өткізген сабақтарда өз бетімен жұмыс жасауын, көшбасшылыққа деген ұмтылысын арттырды, формативті бағалауға үйренді, оқушылар арасында ынтымақтастық орта қалыптасты. Оқушылар өздерінің жетістігіне қуанды. Сабақтан алған әсерлерін арнайы стикерлер арқылы қорытындылай білді.

Мектептегі іс - тәжірибеге төмендегідей өзгеріске негізді жоспарладық:

- Сабақ үстінде оқушылардың тапсырманы орындауын;
- Бағалауға көзқарасын;
- Оқушылардың өзін - өзі реттеуін;
- Топпен жұмыс істей отырып, ынтымақтастықты қалыптастыру;
- LessonStudy тәсілін одан әрі қарай іске асыру.

Сабақ үстінде мұғалімдер оқушылардың тапсырманы орындауы үшін нені өзгерту керек?:

- Сабақ қажеті модульді оқушыларға тапсырма беру арқылы кіріктіруді;
- Сыни тұрғыдан сындарлы ойлай отырып, бірлесіп ойлау, диалогтік оқыту әдісі арқылы тапсырма орындауды үйрету;



- LessonStudy тәсілін арқылы сынып оқушыларының бойынан байқағанымыз:

1. Оқушыларалды мен өзара сөйлесіп алып, тапсырманың берілісін өзара түсініп алып, сосын орындады;
2. Олар топқа бөлініп, жұптасып - топтасып жұмыс жасау арқылы өзгерді, ынтымақтастықтары артты. Сабақ айтулары өзгерді. Сабақ айтқанда, тек оқулықтағымен шектелмей, сабақты өмірмен байланыстырып, постер қорғаумен айтуға машықтана білді. Тапсырмаларды орындау барысында, жұптық - топтық жұмыстың мағынасын түсінді.
3. Бірлесіп ынтымақтастықта жұмыс жасауға, ортақ бір шешімге келуге үйренді. Топтасып - жұптасып жұмыс жасауда ешкім оқшауланып қалмайтынын, толық бір кісідей қатысу керектігін білді.
4. Бағалаудың формативті бағалауынан білімнің шынайы болатынын ұғынды, ал жиынтық бағалаудан оқудың бағаланатынын білді. Бағаны сабақ айтқаны үшін емес, бағаны оқу үшін алатынын сезінді және не білгенін жинақтауда оқуды бағалау болатынын түсінді.

Қорытынды: сыныптың әрдайымда ұйымшыл, бір - бірімен ынтымақтастық жағдайда жұмыс жасай алатынына, бірін - бірі әділ бағалап, ізденіп, білгенін көрсете білетініне, білмегенін мұғалімнен, сыныптастарынан сұрап өзін ынталандыра алатынына, жоғары деңгейдегі көшбасшы сынып қатарында болатындығына сеніміміз мол. Зерделенген тізбекті сабақтардағы өзгерістерді көпшілікке тарату жолдарын келісу.

ӘБ жетекшісі Жумашева М.Т.  
29. 01. 2024 жыл